«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

«ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАҢА НҰР!»



Бимашева Гүлбақыт Берікбайқызы

2026оқу жылы

ЕРТЕҢГІЛІКТІҢ ТАҚЫРЫБЫ: «Жаңа жылда Жаңа нұр!»

ЕРТЕҢГІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ: Балалардың жаңа жыл мерекесіне қызығушылықтарын ояту; жаңа жылдық көңіл күй сыйлау; сахнада өнер көрсету мәдениетін үйрету (ән салу, би билеу, өлең оқу); шығармашылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту; рөлдерді ойнау қабілетін жетілдіру.

(Қоян көңілді шығады)
Қоян:
Сәлем, шаттыққа толы достарым!
Жүрегім қуанышқа лық толы.
Бүгін шырша да күліп тұрғандай,
Жаңа жылды қарсы алатын күн болды!
Сайқымазақ:
Сәлем, аппақ арман иелері!
Қардай таза, күндей жарқын болыңдар.
Жаңа жыл – жақсылықтың бастауы,
Әр күнің шаттыққа толсын!
Ойын: «Допты қағып ал»

Тәрбиеші:
Жылға шашу шашамыз,
Тойлап көңіл ашамыз.
Жаңа жылды қарсы алып,
Би билеп, ән саламыз!

Ән. Хор «Аяз атамыздың»

Тәрбиеші: Балалар Аяз атаны бәріміз бірге шақырайық.
Балалар: -Аяз ата ! Аяз ата»
Аяз ата: (Открываю двери без ключа әнімен билеп шығады.)
- Аяз ата: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Армысыздар, қадірлі қонақтар! Ал, балалар, Жаңа жылды қарсы алып, қуаныш пен шатыққа кенелейік.

Тәрбиеші: Ал енді, қонақтардың көңілін көтеру үшін мерекемізді жалғастырайық!

Балалардың тақпақтары.
Ангелина
Жаңа жыл, жаңа жыл.
Жаңа жылда – жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.
Ульяна
Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді!
Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді!
Жасмина
Тамаша. Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Сюзанна
Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Ақжүрек
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.
Айзада
Кел балақай шырша дайын
Қол ұстасып ән салайық
Жаңа жылдың жарқын айын
Әнмен бимен қарсы алайық.
Алишер
Шырша шамын жағады,
Әй-әй моншақ тағады.
Бар бала оны айналып,
Әсем әнге салады.
Али
Шыршаны шыр айналып,
Мерекеге сайланып.
Би билеп, ән жаттадық,
Жалқауланып жатпадық.

Біздің бишілеріміздің орындауында «Жаңа жыл» биі.
«Жаңа жыл» биі.

Сайқымазақ пен Қоян балалармен ойын ойнайды.
Ойын: «Шарды түсіне қарай орналастыр»
Ойын: «Аққаланы қардан жасаймыз»

- Жаңа жылдық ертегіміз соңына жетті. Жаңа жылда жаңа білім, жаңа өнер үйренейік! Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын!

Күлкісімен жеткізіп бабаға сыр,
Қуаныштан салады бала да асыр.

Жұмбақтанып, жаныма жырды ақтарып,
Елімізге қош келдің жаңа ғасыр!

Сөз кезегі балабақша директоры Шара Тлектесқызына беріледі.







